

№2(02) 2024

Шнабат

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

**ПРАВА
РЕБЕНКА**

**Акция
ДОСБОЛІКЕ
МЕНИҢ БАУЫРЫМ**

БАЛАЛАР МЕН ОЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІ ҮШІН / ВО ИМЯ И В ИНТЕРЕСАХ ДЕТЕЙ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ ПО ОХРАНЕ ПРАВ ДЕТЕЙ



ҚЫМБАТТЫ ДОС! СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ АРҚЫЛЫ КӨМЕКТЕСУ ҚҰПИЯ ЖӘНЕ ТЕГІН!

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің қолдауымен Telegram мессенджерінде 2019 жылдан бастап кәмелетке толмағандарға қатысты құқықтардың бұзылуын, зорлық-зомбылықты немесе қатыгез қарым-қатынасты анықтау мақсатында құрылған «Bala Qorgau» чаты жұмыс істейді.

Өтініштерге жедел жауап беру мақсатында **24/7 режимінде BalaQorgaubot2.0** телеграмм-боты **іске қосылды.**



ДОРОГОЙ ДРУГ! ПОМОЩЬ ПО ТЕЛЕФОНУ ДОВЕРИЯ АНОНИМНА И БЕСПЛАТНА!

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

При поддержке Комитета по охране прав детей Министерства просвещения Республики Казахстан в мессенджере Telegram с 2019 г. функционирует чат «BalaQorgau», который создан с целью выявления нарушения прав, насилия или жестокого обращения в отношении несовершеннолетних.

Для оперативного реагирования на обращения **в режиме 24/7 работает** телеграмм-бот **BalaQorgauBot2.0.**

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН АМАНДЫҒЫ
БІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗДА!
**ЖАЙ ҒАНА ТЕЛЕФОНҒА ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ,
СІЗГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ!**

БЕЗОПАСНОСТЬ И БЛАГОПОЛУЧИЕ
ДЕТЕЙ В НАШИХ РУКАХ!
**ПРОСТО ПОЗВОНИ
ПО ТЕЛЕФОНУ, И ТЕБЕ ПОМОГУТ!**

АСТАНА Қ. КОДЫ / КОД Г. АСТАНЫ **+7(7172)**

74 25 28



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Ақпан – қыстың соңғы айы, ол әдетте үмітке және ерекше көңіл-күйге толы болады: далада қар жатса да, көңілге көктем оралады!

Ауа-райы суық болғанына қарамастан, көктемнің жылуы мен табиғаттың оянганы сезіле бастайды. Ақпан адамдарға көптеген маңызды нәрселерді қайта қарап, жаңа мақсаттар қою үшін уақыт береді.

Қыстың соңғы айындағы сұлулықты көру – өтіп бара жатқан қыстың сиқырлы сәтін тамашалап, жаз туралы армандай бастау дегенді білдіреді. Бұл өмірдің өзен сияқты ағып жатқанын, бәрі өзгеретінін, тіпті бітпейтіндей көрінген қыстың да аяқталатын кезі...

«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтының ұжымы үшін соңғы қыс айы мақсатты және нәтижелі жұмыс уақыты болды. ҚР Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау Комитетінің және министр Ғани Бектайұлы Бейсембаевтың жан-жақты қолдауының арқасында біз «мұғалім – оқушы – ата-ана»

ДОРОГИЕ ЧИТАТЕЛИ!

Февраль – финальный аккорд зимы, всегда полон надежд и пронизан особенным настроением: еще лежит снег, а на душе уже весна!

Это месяц холодов, но он уже полон предвкушения весеннего тепла и пробуждающейся жизни. Он еще дает нам время переосмыслить многие важные вещи и поставить новые цели.

Увидеть красоту в последнем зимнем месяце – значит поймать волшебный миг уходящей зимы и начать мечтать о волшебной летней поре. Это то самое время, которое подтверждает, что все течет, все меняется, и всему есть конец – даже затянувшейся зиме...

Для коллектива Национального научно-практического института благополучия детей «Өркен» последний зимний месяц стал временем целенаправленной и продуктивной работы. При всесторонней поддержке Министерства просвещения и подведомственного ему Комитета по охране прав детей и лично министра Гани Бектаевича Бейсем-

үшбұрышының бақытты адам тәрбиелеу мақсатына қызмет етуге бағытталған белсенді іс-әрекетімізді жалғастырдық. Ол үшін әр мектепте Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары ашылды, олардың негізінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық отбасылық дәстүрлерді жаңғырту мақсатында «Даналық мектебі» клубтары құрылды. Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру жобасын іске асыру отбасы институтын, бала-ата-ана қарым-қатынасын одан әрі нығайту, саналы және позитивті ата-ана мәдениетін дамыту үшін сенімді негіз болатынына сенімдіміз.

Сондай-ақ, біздің институт білім беру ұйымдарында білім алушылар арасында жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу Бағдарламасын әзірледі. Балалар омбудсмендерімен бірлесе отырып, біз бүкіл ел бойынша 2 миллионнан астам оқушы буллингке қарсы наразылық білдірген осы кең ауқымды жалпы республикалық акцияның бастамашысы және ұйымдастырушысы болдық. Пилоттық мектептерде оқушылардың физикалық, психологиялық және эмоционалдық әлауқатын қамтамасыз ету үшін Буллингке қарсы бағдарлама енгізіледі. Акцияның мақсаты – әр түрлі жастағы оқушыларды достық, сыйластық қарым-қатынас, ынтымақтастық, қолдау және өзара көмек негізінде біріктіру.

«Өркен» **«Менің бауырым»** жаңа еріктілік жобасын бастады. Еліміздің жоғары оқу орындарының 700-ден астам студенті еріктілерге арналған курстардан өтіп, жасөспірімдердің жасы үлкен жолдасы, тәлімгерлері болады. Осының арқасында еріктілер қозғалысы біздің жастарымыздың, педагогикалық және ата-аналар қауымының кең топтарын қамти отырып, күш-қуат алады.

«Тәлімгерлер» жобасы жетім балалар мен ата-анасының қамқор-

баева мы продолжили активную деятельность, направленную на то, чтобы треугольник «учитель – ученик – родитель» служил единой цели – воспитанию счастливого человека. Для этого в каждой школе открыты центры педагогической поддержки родителей, на базе которых созданы клубы «Даналық мектебі» в целях возрождения национальных семейных традиций, передающихся из поколения в поколение. Уверены, что реализация проекта психолого-педагогического просвещения родителей станет надежной основой для дальнейшего укрепления института семьи, детско-родительских отношений, развития культуры осознанного и позитивного родительства.

Также нашим институтом разработана Программа профилактики травли (буллинга) среди обучающихся в организациях образования **«ДосболLike: протяни руку дружбы»**. Совместно с детскими омбудсменами мы стали инициаторами и организаторами этой широкомасштабной общереспубликанской акции, в рамках которой более 2 миллионов школьников по всей стране выступили с протестами против буллинга. В пилотных школах будет внедрена Антибуллинговая программа для обеспечения физического, психологического и эмоционального благополучия учащихся. Цель акции – сплочение учащихся разных возрастных категорий на основе доброжелательных, уважительных взаимоотношений, сотрудничества, поддержки и взаимопомощи.

«Өркен» также дал старт еще одному новому волонтерскому проекту – **«Менің бауырым»**. Более 700 студентов вузов страны уже прошли курсы для волонтеров и теперь станут старшими товарищами и наставниками для подростков. Благодаря этому волонтерское движение набирает силы, охватывая самые широкие слои нашей молодежи, педагогической и родительской обще-

лығынсыз қалған балаларға көмек көрсетуге, ерікті-тәлімгерлермен қарым-қатынас және бірлескен қызмет арқылы олардың дербес өмір сүру және әлеуметтік бейімделу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Қыркүйек айынан бастап тәлімгерлер барлық қазақстандық мектепте жұмыс істейді деп жоспарлануда.

Тағы бір маңызды іс-шара – еліміздің барлық өңірлерінен келген педагогтерді біріктірген **«Педагогтер мен ата-аналар: балалардың мүддесі үшін достастық» Республикалық байқауы**. Оның мақсаты – Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары шеңберінде оқыту деңгейін арттыру және сапасын тереңдету, ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беруді тікелей жүзеге асыратын педагогтердің шығармашылық әлеуетін ашу және іске асыру, кәсіби педагогикалық қызметтің интерактивті нысандары мен әдістерін пайдалану негізінде тиімді тәжірибелерді, инновациялық әдістемелер мен коммуникациялық-цифрлық технологияларды танымал ету және тарату.

Бізде көптеген жаңа жоспар, шығармашылық идея, қысқа және ұзақ мерзімді мақсаттарымыз бар. Алда қазақстандық балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, оларды толыққанды дамыту, тәрбиелеу және оқыту үшін барынша қолайлы орта құру бойынша көптеген жұмыс күтіп тұр.

Отанымыздың бақытты болашағы үшін бірге жұмыс істейік! ■

«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты
КеАҚ президенті
Есенғазы Нұртөлеуұлы
Иманғалиев

ственности.

Проект **«Наставники»** направлен на оказание помощи детям-сиротам и детям, оставшимся без попечения родителей, формировании у них навыков самостоятельной жизни и социальной адаптации через общение и совместную деятельность с волонтерами-наставниками. Планируется, что уже с сентября наставники будут работать во всех казахстанских школах.

Еще одно значительное мероприятие – **Республиканский конкурс «Педагоги и родители: содружество в интересах детей»**, объединившее педагогов из всех регионов страны. Его цели – повышение уровня и углубление качества обучения в рамках центров педагогической поддержки родителей, раскрытие и реализация творческого потенциала педагогов, непосредственно осуществляющих психолого-педагогическое просвещение родителей, популяризация и распространение эффективных практик, инновационных методик и коммуникационно-цифровых технологий на основе использования интерактивных форм и методов профессиональной педагогической деятельности.

У нас много новых планов, креативных идей, краткосрочных и долгосрочных целей. Впереди много работы по обеспечению защиты прав и законных интересов казахстанских детей, созданию максимально комфортной среды для их полноценного развития, воспитания и обучения.

Давайте все вместе и дальше трудиться во благо счастливого будущего нашей Родины! ■

Президент Некоммерческого акционерного общества «Национальный научно-практический институт благополучия детей «Өркен»
Есенғазы Нуртолеуович
Иманғалиев

МАЗМҰНЫ

содержание



АЛҒЫ СӨЗ

ПРЕДИСЛОВИЕ

3

РАЗДЕЛ «ПЕДАГОГАМ»



БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМ
НАУКА О ДЕТСКОМ БЛАГОПОЛУЧИИ

8

Е.С. Гарбуз
БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ
«Балалардың өмірін сақтау және қорғау» пәні бойынша 4-курс студенттеріне арналған сабақ

Е.С. Гарбуз
ПРАВА РЕБЕНКА. Занятие для студентов 4 курса по дисциплине «Охрана и защита жизни детей»



ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУҒА ҮЙРЕТЕМІЗ
УЧИМ ТВОРИТЬ ДОБРО

15

Г. К. Жапекова,
ӘЛЕУМЕТТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ПЕН ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Г. К. Жапекова,
ПРОСОЦИАЛЬНОЕ ПОВЕДЕНИЕ И БЛАГОТВОРИТЕЛЬНОСТЬ В ВОСПИТАНИИ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ



ТҰЛҒА / ЛИЧНОСТЬ

20

СҰХБАТ.
Смағулова Ардақ Рахымғалиқызы



ИНТЕРВЬЮ.
Смағулова Ардақ Рахимғалиевна



АННОТАЦИЯ

28

С.К. Нағашыбаева
«ҚОРҚЫТУДЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША АТА-АНАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ» (5–9 сынып ата-аналарына арналған сабақ)

С.К. Нағашыбаева
«ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ РОДИТЕЛЕЙ ПО ПРОФИЛАКТИКЕ БУЛЛИНГА» (урок для родителей 5–9 классов)



“ БІЗДІҢ ЖОБАЛАРЫМЫЗ
НАШИ ПРОЕКТЫ

29

ДОСБОЛЛИКЕ акциясы,
МЕНИҢ БАУЫРЫМ

Акция ДОСБОЛЛИКЕ,
МЕНИҢ БАУЫРЫМ

РАЗДЕЛ «РОДИТЕЛЯМ»

“ ОТБАСЫ – БІР СӨЗДЕГІ БҮКІЛ ӘЛЕМ
СЕМЬЯ – ЦЕЛЫЙ МИР В ОДНОМ СЛОВЕ

37

С.Е. Әбдіқадырова
ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ ОТБАСЫ
ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ
ҚҰНДЫЛЫҚТАР

С.Е. Абдикадырова
СЕМЬЯ И СЕМЕЙНЫЕ
ЦЕННОСТИ В
СОВРЕМЕННОМ МИРЕ



“ МАМАНДЫ ТЫҢДА
ПОСЛУШАЙ СПЕЦИАЛИСТА

46



Психологтің кеңестері
ТҮСІНУ ЖӘНЕ КЕШІРУ:
РЕНІШТЕН ҚАЛАЙ
ҚҰТЫЛЫП, КЕШІРУДІ
ҮЙРЕНУГЕ БОЛАДЫ

Советы психолога
ПОНЯТЬ И ПРОСТИТЬ:
КАК ИЗБАВИТЬСЯ
ОТ ОБИДЫ И НАУЧИТЬСЯ
ПРОЩАТЬ

“ АТА-АНАЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА ҰСЫНЫМДАР
РОДИТЕЛЯМ НА ЗАМЕТКУ

52

АТА-АНАЛАРҒА
АРНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР
КІТАПХАНАСЫ

БИБЛИОТЕКА
РЕКОМЕНДАЦИЙ ДЛЯ
РОДИТЕЛЕЙ



РАЗДЕЛ «ДЕТЯМ»

“ ӨЗАРА ТҮСІНІСТІКТІ ҮЙРЕНЕМІЗ
УЧИМСЯ ВЗАИМОПОНИМАНИЮ

55



АТА-АНАМЕН
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ
ҚАЛАЙ ЖАҚСARTУҒА
БОЛАДЫ?

КАК НАЛАДИТЬ
ОТНОШЕНИЯ
С РОДИТЕЛЯМИ?

“ ҚӨРУГЕ ҰСЫНАМЫЗ
РЕКОМЕНДУЕМ ПОСМОТРЕТЬ

60

БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ

«Балалардың өмірін сақтау және қорғау» пәні бойынша 4-курс студенттеріне арналған сабақ

Е. С. Гарбуз,
арнайы пәндер және педагогика оқытушысы
Жоғары педагогикалық колледж,
Щучинск қ., Ақмола облысы

Жерде
балалардың сөзінен
асқан салтанатты
әнұран жоқ,
Виктор Мари Гюго



Нет на Земле гимна
торжественнее,
чем лепет
детских уст.
Виктор Мари Гюго

Трава ребенка

Е. С. Гарбуз,
преподаватель педагогики
и специальных дисциплин,
Высший педагогический
колледж, г. Щучинск,
Акмолинская область

**Занятие для студентов
4 курса
по дисциплине «Охрана и
защита жизни детей»**

Мақсаты: балалардың құқықтары және оларды халықаралық деңгейде реттейтін негізгі құжаттар туралы студенттердің түсініктерін кеңейту.

Ресурстары: арнайы және анықтамалық әдебиеттер, «Бала құқықтары» презентациясы, Learningapps сайтындағы «Кейіпкерлердің қандай құқықтары бұзылды» тапсырма



«Сәлеметсіз бе!» әнінің бейнежазбасы



ақпараттық-сандық материалдар, компьютер, проектор, экран.

Сабақ барысы

Сабақ ZOOM және Google-сайт платформасында өткізіледі.

Позитивті көзқарас. **«Сәлеметсіз бе!»** бейнеәні

1-слайд. Оқытушы. Балалар, құқық ұғымы нені білдіретінін есімізге түсірейікші. **Құқық** – мемлекет белгілеген, кепілдік берген және қоғамдық қатынастарды реттеуші болып табылатын жалпыға міндетті, формальды түрде анықталған мінез-құлық ережелерінің жүйесі. Бүгін біз баланың құқықтары туралы сөйлесіп, балалар құқықтары туралы заңнамамыздың негізіне қандай халықаралық құжаттар алынғандығын білеміз.

2-слайд. «Бала құқықтары дегеніміз не?» тақырыбы бойынша ассоциациялар кластері. *Оқытушы.* Бүкіл топ сіздің жұмысыңызды көруі үшін кластерді электронды тақтаға бекітіңіз.

3-слайд. Оқытушы. «Баланың құқығы – ата-ананың міндеті» деген заңды постулат бар. Бұл туралы не ойлайсыз? (*Студенттердің жауаптары*)

Цель: расширение представлений студентов о правах детей и основных документах, регламентирующих их на международном уровне.

Ресурсы: специальная и справочная литература, презентация «Права ребенка», задание на сайте Learningapps «Какие права героев были нарушены»



видеозапись песни «Здравствуйте!»



информационно-цифровые материалы, компьютер, проектор, экран.

Ход занятия

Занятие проводится на платформе ZOOM и на платформе Гугл-сайт.

Позитивный настрой. Видеопесня «Здравствуйте!»

Слайд 1. Преподаватель. Ребята, давайте мы с вами вспомним, что означает понятие **право**. **Право** – система общеобязательных, формально определенных правил поведения, установленных и гарантированных государством и являющихся регулятором общественных отношений. Сегодня мы с вами будем говорить о правах ребенка, узнаем, кто им считается, какие документы на международном уровне положены в основу нашего законодательства по правам детей.

Слайд 2. Кластер ассоциаций на тему «Что такое права ребенка?» *Преподаватель.* Прикрепите кластер на электронную доску, чтобы вашу работу увидела вся группа.

Слайд 3. Преподаватель. Существует юридический постулат: «Права ребенка – это обязанность родителей». А что вы думаете по этому поводу? (*Ответы студентов*)

- Мұғалімнің балалардың құқықтарына қандай қатысы бар?
- Болашақ тәрбиеші, мұғалім-ретінде балалардың құқықтарын қорғау үшін жеке өзіңіз не істеуіңіз керектігі туралы ойлаңыз.



Балалардың құқықтарын қорғау, олардың денсаулығы, білімі және дамуы – біздің сөзсіз басымдықтарымыз. Біз Қазақстандағы барлық балалардың бақытты өмір сүруін қамтамасыз етуіміз керек. Біз әр баланың дауысын тыңдауға міндеттіміз!

Қасым-Жомарт Тоқаев



Жаңа материалды зерттеу.

4-слайд. Бала құқықтары туралы Конвенцияға сәйкес, бала – 18 жасқа толмаған тұлға. **Баланың құқықтары** – халықаралық құжаттарда белгіленген балалар құқықтарының жиынтығы. **Бала құқықтарын қорғау** – мемлекеттің, жұртшылықтың және халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың толыққанды және гармоникалық дамыған тұлғаны қалыптастыру үшін баланың құқықтарын әзірлеуге және қамтамасыз етуге бағытталған өзара келісілген іс-қимыл жүйесі.

5–6-слайдтар. **Бала құқықтары туралы нормативтік-құқықтық құжаттар.** Бала құқықтары мәселесі, оның өміріне, денсаулығына, дамуына, білімі мен тәрбиесінің қамқорлығы бүгінде әлемдік мәселеге айналып, ғаламдық деңгейге шықты. Халықаралық қоғамдастық қабылдаған баланың құқықтарын заңнамалық түрде

- Какое отношение имеет педагог к правам детей?
- Как будущие воспитатели, учителя поразмышляйте, что лично вы должны будете делать для защиты прав детей.

Изучение нового материала.

Слайд 4. Согласно Конвенции о правах ребенка, **ребенок** – это лицо, не достигшее 18-летнего возраста. **Права ребенка** – свод прав детей, зафиксированных в международных документах. **Защита прав ребенка** – система взаимосогласованных действий государства, общественности и международных неправительственных организаций, направленных на разработку и обеспечение прав ребенка для формирования полноценной и гармонично развитой личности.

Слайды 5–6. Нормативно-правовые документы о правах ребенка.

Проблема прав ребенка, забота о его жизни, здоровье, развитии, образовании и воспитании сегодня стала общемировой и приняла глобальный планетарный масштаб. Свидетельством этого является анализ принятых международным сообществом документов, законодательно определяющих права ребенка.

Конвенция Совета Европы о защите прав человека и основных свобод

Декларация прав ребенка ООН
Конвенция ООН о правах ребенка
Декларация тысячелетия ООН
Декларация и План действий ООН «Мир, пригодный для жизни детей»

Глобальная инициатива Детского фонда ООН (ЮНИСЕФ) «Города, доброжелательные к детям»

Доклад ВОЗ о состоянии здравоохранения в мире «Не оставим без внимания каждую мать, каждого ребенка»

Международная классификация функционирования, ограничений жизнедеятельности

анықтайтын құжаттардың талдамасы соның дәлелі болып табылады.

Еуропа Кеңесінің адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Конвенциясы

БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы декларациясы

БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы

БҰҰ-ның мыңжылдық декларациясы

БҰҰ-ның «Балалардың өмірі үшін қолайлы әлем» Декларациясы және Іс-қимыл жоспары

БҰҰ-ның Балалар қорының (ЮНИСЕФ) «Балаларға мейірімді қалалар» жаһандық бастамасы

ДДҰ-ның «Әр ананы, әр баланы назардан тыс қалдырмаймыз» әлемдегі денсаулық жағдайы туралы баяндамасы

Жұмыс істеудің, тіршілік әрекеті шектеулерінің халықаралық жіктелуі

Оқытушы. Балалар, қараңыздаршы, қаншама көп құжат! Алғашқылардың бірі – Еуропа Кеңесінің адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы конвенциясы және БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы декларациясы. Осы орайда ақылға қонымды сұрақ туындайды: неліктен олардан кейін БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясын қабылдау қажет болды? Бұл құжатты қабылдау қажеттілігі неге туындады деп ойлайсыз? (Студенттердің жауаптары)

Оның себебі мынада: алғашқы құжатта балалардың ғана емес, ересектердің де құқықтары сипатталғандықтан, балалық шаққа қатысты нәрсені бөліп көрсету қиын болды. Балалар жағдайының нашарлауы әлемдік қоғамдастықтан баланың құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау үшін әр мемлекет қандай шаралар қабылдауы керек екендігі туралы ережелерді



Защита прав детей, их здоровье, образование и развитие – наши безусловные приоритеты. Мы должны обеспечить счастливую жизнь всем детям в Казахстане. Мы обязаны прислушаться к голосу каждого ребенка!

Касым-Жомарт Токаев



Преподаватель. Ребята, посмотрите сколько документов! Одни из первых – Конвенция Совета Европы о защите прав человека и основных свобод и Декларация прав ребенка ООН. Возникает резонный вопрос: зачем после них понадобилось еще создание Конвенции ООН о правах ребенка? Как вы думаете, почему возникла необходимость в принятии данного документа? (Ответы студентов)

Дело в том, что в самом первом документе были описаны права не только детей, но и взрослых, что затрудняло выделить именно то, что касается детства. Продолжающееся ухудшение положения детей потребовало от мирового сообщества принятия нового документа, который бы законодательно закрепил положения о том, какие меры должно принять каждое государство для обеспечения и защиты прав ребенка. Таким документом и стала Конвенция ООН о правах ребенка.

Принятие Конвенции о правах ребенка стало значительным событием в области защиты прав детей. В этом документе впервые ребенок рассматривался не только как объ-

заңнамалық түрде бекітетін жаңа құжатты қабылдауды талап етті. БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы сондай құжат болды.



БҰҰ-ның «Адам құқықтары» брошюрасынан

Отбасылары тастап кеткен 100 миллионға жуық бала тек ауыр жұмыс, ұрлық, қайыр сұрау және т. б. арқылы өмір сүруде. 6 мен 11 жас аралығындағы 120 миллион бала мектепке бару мүмкіндігінен айырылған. Жыл сайын 3,5 миллионға жуық бала емдеуге болатын аурулардан көз жұмады.



Бала құқықтары туралы Конвенцияның қабылдануы балалардың құқықтарын қорғау саласындағы маңызды оқиға болды. Бұл құжатта бала алғаш рет арнайы қорғауды қажеттетін объект ретінде ғана емес, сонымен бірге адам құқықтарының барлық спектрі берілген құқық субъектісі ретінде қарастырылды.

7–8 слайдтар. Оқытушы. БҰҰ-ның 1989 жылғы Бала құқықтары туралы Конвенциясы 1994 жылы ратификацияланды. Ратификациялау – құжатқа (мысалы, шартқа) тараптардың әрқайсысының тиісті органымен бекітілуі арқылы заңды күш беру процесі. Ратификацияланғанға дейін мұндай құжат, әдетте, заңды күші жоқ және ратификацияланбаған тарап үшін міндетті емес.



ект, требующий специальной защиты, но и как субъект права, которому предоставлен весь спектр прав человека.

Слайды 7–8. Преподаватель. Конвенция ООН о правах ребенка 1989 г. была ратифицирована в 1994 г. Что значит ратифицировать? Ратификация – процесс придания юридической силы документу (например, договору) путем утверждения его соответствующим органом каждой из сторон. До ратификации такой документ, как правило, не имеет юридической силы и не обязателен для нератифицированной стороны.

В нашей стране права ребенка, семьи закреплены на конституционном уровне. Конституция Респуб-

Біздің елімізде бала, отбасы құқығы конституциялық деңгейде бекітілген. Қазақстан Республикасының Конституциясы неке, отбасы, ана болу, әке болу және балалық шақ мемлекеттің қорғауында екенін жариялайды (27-бап). Баланың құқықтары азаматтық, отбасылық және басқа құқық салаларында көрініс тапты.



Қазақстанда балалар мен жасөспірімдердің құқықтары мен кепілдіктерін реттейтін 45-тен астам нормативтік құқықтық акт қабылданды. «Неке және отбасы туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» ҚР Заңдары, ҚР Президентінің «Халық денсаулығы» мемлекеттік бағдарламасы туралы», «Білім беру» мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлықтары, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы туралы» ҚР Президентінің өкімі және т.б.



9-слайд. Оқытушы. Балалық шақ – бұл адам өміріндегі ерекше кезең, және кез келген мемлекеттің міндеті – Конвенция талаптарының ересектер мен балалар әлемінің қарым-қатынасын реттейтін алғашқы, рес-



Из брошюры ООН «Права человека»

Около 100 млн детей, покинутых своими семьями, существуют лишь за счет изнурительной работы, воровства, попрошайничества и т. п. 120 млн детей в возрасте от 6 до 11 лет лишены возможности посещать школу. Ежегодно около 3,5 млн детей умирают от болезней, которые поддаются лечению.



лики Казахстан провозглашает, что брак, семья, материнство, отцовство и детство находятся под защитой государства (статья 27). Права ребенка отражены в гражданском, семейном и других отраслях права.

Слайд 9. Преподаватель. Детство – особый этап в жизни человека, и задача любого государства – обеспечить выполнение требований конвенции как первого, официально утвержденного международного инструмента, регулирующего взаимоотношения мира взрослых и мира детей.

Самостоятельная работа. 1. Создать кластер, в котором раскрыть основные права детей. 2. Выполнить задание на сайте Learningapps: «Какие права героев были нарушены»



Рефлексия. Выскажите одним предложением, выбрав начало фразы. – Сегодня я узнал...

ми бекітілген халықаралық құрал ретінде орындалуын қамтамасыз ету.

Өзіндік жұмыс.

1. Балалардың негізгі құқықтарын ашатын кластер жасаңыз.

2. Learningapps веб-сайтындағы **«Кейіпкерлердің қандай құқықтары бұзылды»** тапсырмасын орындаңыз.



Рефлексия. Фразаның басын таңдап, бір сөйлеммен аяқтаңыз.

- Бүгін мен білдім
- ... қызықты болды
- ... қиын болды
- Мен ... тапсырмаларды орындадым
- Мен ... түсіндім
- Адамның бойында ...сияқты қасиеттер болуы керек
- Мен ... сезіндім
- Мен ... ие болдым
- Мен ... үйрендім
- Мен ... жасай алдым
- Мен өмірдесияқты құндылықтарды ұстанғым келеді
- Мен ... тырысамын
- Мені... таң қалдырды
- Сабақ болашақ кәсіби қызметім үшін... мүмкіндік берді
- Менің... істегім келді

Үй тапсырмасы. Біріккен Ұлттар Ұйымының ЮНИСЕФ Балалар қоры туралы хабарлама дайындау; балаларға қызмет ету өмірдің мәні болып табылатын адамдар туралы шағын әңгіме жазу. ■



В Казахстане принято более 45 нормативных правовых актов, регулирующих права и гарантии детей и подростков. Законы РК «О браке и семье», «Об образовании», «О правах ребенка в Республике Казахстан» Указы Президента РК «О Государственной программе «Здоровье народа», «О государственной программе «Образование» Распоряжение Президента РК «О Концепции государственной молодежной политики Республики Казахстан» и др.



- Было интересно...
- Было трудно...
- Я выполнял задания...
- Я понял, что...
- Человек должен обладать такими качествами, как...
- Я почувствовал, что ...
- Я приобрел...
- Я научился...
- У меня получилось...
- Я хочу придерживаться в жизни таких ценностей, как...
- Я попробую...
- Меня удивило...
- Занятие дало мне для будущей профессиональной деятельности...
- Мне захотелось...

Домашнее задание. Подготовить сообщение о Детском фонде ООН ЮНИСЕФ; написать небольшой рассказ о людях, для которых служение детям является смыслом жизни. ■

ӘЛЕУМЕТТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ПЕН ӨСКЕЛЕН ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

*Просоциальное поведение
и благотворительность
в воспитании
подростающего поколения*



Г. К. Жапекова,

т.ғ.к., қауымдастырылған
профессор,
Л.Н.Гумилев атындағы ұлттық
Еуразиялық университет,
Астана қ.

Г. К. Жапекова,

к. и. н., ассоциированный
профессор,
Евразийский национальный
университет им Л. Н. Гумилева,
г. Астана

Әлеуметтік мінез-құлық – бұл адамның саналы, ерікті және риясыз басқа адамдардың, қоғамның мүддесі үшін олардың әл-ауқатына көмектесу, қолдау және қамқорлық жасау үшін өмір сүретін әрекет тәсілі.

Оған әртүрлі көмек түрлері, назар, құрмет, ізгі ниет, эмпатия,ынтымақтастық және т. б. кіреді.

Бұл мінез құлық үлгісі әртүрлі контекстер мен жағдайларда көрінуі мүмкін:

- қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдарға көмектесу және қолдау;
- ерікті қызметке қатысу (қайырымдылық ұйымдарында

Просоциальное поведение – это образ действий, при котором человек сознательно, добровольно и бескорыстно живет в интересах других людей, общества для оказания помощи, поддержки и заботы об их благополучии. Оно включает в себя различные виды помощи, внимание, уважение, доброжелательность, эмпатию, сотрудничество и др.

Эта модель поведения может проявляться в различных контекстах и ситуациях:

- помощь и поддержка людям, попавшим в трудную жизненную ситуацию;

жұмыс істеу, ауруханаларға, әлеуметтік қорғау мекемелеріне бару және т. б.);

- ынтымақтастық (командада жұмыс істей білу, ортақ мақсаттарға жету үшін білім мен өмірлік ресурстармен бөлісу және т. б.);

- әлеуметтік, психологиялық, эмоционалды қолдау;

- эмпатияның көрінісі, өзін басқа адамның орнына қою, оны түсіну қабілеті;

- қоршаған ортаға қамқорлық, экологиялық бастамаларға, акцияларға қатысу;

- әлеуметтік осал топтардың құқықтарын қорғау, кемсітушілікке, теңсіздікке қарсы күрес және т. б.



Әлеуметтік мінез-құлық моделі өзі туралы жағымды түсініктерге, жанашырлық таныту, адамдарға көмектесу, олармен ынтымақтасу қабілетіне негізделген.

Бұл модель жоғары моральдық, өмірді растайтын, гуманистік және альтруистік құндылықтарға негізделген.



– Біз бұл модельді толығырақ талдайық.

- *Өзі туралы жағымды түсінік пен ынтымақтастық, тілектестік қабілеті.* Бұл аспект тұлғаның ішкі мотивациясы мен психологиялық жағдайын көрсетеді. Ынтымақтастық пен жанашырлық таныта алатын, өздері туралы жағымды түсініктері бар адамдар көбінесе басқаларға

- участие в добровольческой деятельности (работа в благотворительных организациях, посещение больниц, учреждений социальной защиты и т. д.);

- сотрудничество (умение работать в команде, делиться знаниями и жизненными ресурсами во имя достижения общих целей и др.);

- социальная, психологическая, эмоциональная поддержка;

- проявление эмпатии, способность поставить себя на место другого человека, понять его;

- забота об окружающей среде, участие в экологических инициативах, акциях;

- защита прав социально уязвимых групп, борьба с дискриминацией, неравенством и т. д.

Разберем эту модель более подробно.

- *Позитивные представления о себе и способность к сотрудничеству, солидарности.* Этот аспект отражает внутреннюю мотивацию и психологическое состояние личности. Люди с позитивными представлениями о себе, умеющие проявлять солидарность и сочувствие, часто более готовы и способны помогать другим. Эмпатия, сотрудничество и взаимопомощь становятся естественными составляющими их поведения.

- *Система жизненных ценностей.* Личные ценности и убеждения играют важную роль в определении того, как мы взаимодействуем с окружающим миром. Люди, ценящие общественно значимую деятельность и благо других, склонны более активно участвовать в просоциальных действиях.

- *Способность к альтруистической деятельности.* Альтруизм – это стремление делать добро другим людям без ожидания благодарности и личной выгоды. Личности, способные к альтруистической деятельности, стремятся реализовать себя че-

көмектесуге қабілетті және дайын. Эмпатия, ынтымақтастық және өзара көмек олардың мінез-құлқының табиғи компоненттеріне айналады.

■ *Өмірлік құндылықтар жүйесі.* Жеке құндылықтар мен сенімдер біздің қоршаған әлеммен қарым-қатынасымызды анықтауда маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік маңызы бар іс-әрекеттерді және басқалардың игілігін бағалайтын адамдар әлеуметтік іс-шараларға көбірек араласуға бейім.

■ *Альтруистік қызметке қабілеттілік.* Альтруизм – бұл ризашылықпен жеке пайда күтпестен басқа адамдарға жақсылық жасауға деген ұмтылыс. Альтруистік әрекетке қабілетті адамдар өздерін басқа адамдар мен жалпы қоғамның көмегі мен қолдауы арқылы жүзеге асыруға тырысады. Бұған ерікті жұмыс, қайырымдылық жарналары, әлеуметтік жобаларға қатысу және жеке адам мен бүкіл қоғамның игілігіне бағытталған басқа да қызмет түрлері кіруі мүмкін.

Бұл *әлеуметтік* мінез-құлық үлгісі мен қайырымдылықтың аспектілері ұқсас, өйткені олар басқа адамдарға немесе қоғамға көмектесуге бағытталған ерікті әрекеттермен байланысты. Дегенмен, олардың кейбір айырмашылықтары мен ерекшеліктері бар.

Әлеуметтік мінез-құлық күнделікті мейірімділік пен қамқорлықтың кішігірім әрекеттерін, сондай-ақ көмектің неғұрлым ұйымдасқан және күрделі түрлерін қамтитын кең ауқымды әрекеттерді қамтиды. Бұл ұғым іс-әрекеттер сыйақы немесе пайда күтпей орындалатынын және адамдарды, қоғамды, жануарларды немесе қоршаған ортаны қолдауға бағытталуы мүмкін екенін білдіреді.

Қайырымдылық – мұқтаж адамдарға, ұйымдарға немесе жалпы қоғамға қаржылық көмек, материалдық және физикалық ресурстарды, уақытты немесе қызметтерді ерікті түрде ұсыну.



Модель просоциального поведения строится на позитивных представлениях о себе, умении сочувствовать, сострадать, помогать людям, быть с ними солидарными. В основе этой модели – высшие нравственные, жизнеутверждающие, гуманистические и альтруистические ценности.



рез помощь и поддержку других людей и общества в целом. Это может включать добровольческую работу, благотворительные взносы, участие в социальных проектах и другие формы деятельности, направленной на благо отдельного человека и всего общества.

Модель просоциального поведения и благотворительность имеют схожие аспекты, так как связаны с добровольными действиями, направленными на помощь другим людям или обществу. Однако у них есть некоторые различия и особенности.

Просоциальное поведение охватывает широкий спектр действий, включая как небольшие повседневные акты доброты, внимания и заботы, так и более организованные и сложные формы помощи. Это понятие подразумевает, что действия выполняются без ожидания вознаграждения или выгоды и могут быть направлены на поддержку людей, общества, животных или окружающей среды.

Благотворительность – добровольное предоставление финансо-

Бұл кедей, науқас, мүгедек, баспанасыз, жетім балаларға, қарттарға және басқа да әлеуметтік осал топтарға көмек көрсетуді қамтуы мүмкін. Қайырымдылық әлеуметтік ынтымақтастықты нығайтуға және қамқорлық пен көмекке мұқтаж адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді. Бұл көбінесе қаржылық көмек, ресурстар немесе қызметтер түрінде материалдық көмек көрсетуде көрінеді. Бұл әдетте қаражатты немесе ресурстарды бір тараптан екінші тарапқа қоғамдық ұйымдар, бірлестіктер, қорлар және т. б. арқылы беруге байланысты мақсатты әрекеттерді білдіреді.

Қайырымдылық әлеуметтік мінез-құлықтың бір түрі ретінде қарастырылуы мүмкін екенін ескеру маңызды, өйткені бұл ерікті көмек пен басқаларға қамқорлық көрсетудің ерекше көрінісі.


Қайырымдылық және ата-ана тәрбиесі – бұл бір-бірін толықтыратын және болашақ ұрпаққа әсер ететін әлеуметтік қызметтің екі маңызды аспектісі.

Қайырымдылық ұйымдары мен қорлары көбінесе балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, олардың денсаулығын нығайтуға, жалпы дамуға, оқытуға, мектеп салуға және жабдықтауға, стипендиялар мен оқу материалдарын, медициналық көмек көрсетуге, бос уақытты, демалысты, спорттық және ойын-сауық шараларын ұйымдастыруға бағытталған бағдарламалар мен жобаларды қаржыландырады және қолдайды.

Әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға, эмоционалды интеллектті, эмпатияны, экологиялық ойлауды, жалпы мәдениетті дамытуға бағытталған балаларды тәрбиелеу жас ұрпақты қайырымдылық шараларына қатысуға шабыттандыруы



вой помощи, материальных и физических ресурсов, времени или услуг нуждающимся людям, организациям или обществу в целом. Это может включать в себя помощь малоимущим, больным, инвалидам, бездомным, детям-сиротам, пожилым людям и другим социально уязвимым группам. Благотворительность способствует укреплению социальной солидарности и улучшению качества жизни тех, кто нуждается в заботе и помощи. Она чаще выражается в предоставлении материальной помощи в виде финансовых средств, ресурсов или услуг. Это обычно представляет собой целенаправленные действия, связанные с передачей средств или ресурсов от одной стороны к другой, как правило, через общественные организации, объединения, фонды и т. д.



мүмкін. Қамқорлық пен қолдаудың ортасында өсетін балалар басқа адамдарға көбірек қамқорлық жасайды және олардың өмірін жақсартуға тырысады.

Осылайша, өскелең ұрпақтың әлеуметтік мінез-құлқы, қайырымдылығы мен тәрбиесі өзара байланысты және бірге әділ, біртұтас және гүлденген қоғам құруға ықпал ете алады. ■



Важно отметить, что благотворительность может рассматриваться как одна из форм просоциального поведения, так как она является специфическим проявлением добровольной помощи и заботы о других.

Благотворительность и воспитание детей – это два важных аспекта общественной деятельности, которые могут взаимодополнять друг друга и влиять на будущее поколение.

Организации и фонды, занимающиеся благотворительностью, часто финансируют и поддерживают программы и проекты, направленные на защиту прав и законных интересов детей, укрепление их здоровья, общее развитие, обучение, строительство и оборудование школ, предоставление стипендий и учебных материалов, медицинской помощи, организацию досуга, отдыха, спортивных и развлекательных мероприятий и многое другое.

Воспитание детей с ориентацией на формирование социальной ответственности, развитие эмоционального интеллекта, эмпатии, экологического мышления, общей культуры может вдохновить молодое поколение на участие в благотворительных действиях. Дети, которые вырастают в окружении заботы и поддержки, склонны больше заботиться о других людях и стремиться к улучшению их жизни.

Таким образом, просоциальное поведение, благотворительность и воспитание подрастающего поколения взаимосвязаны и вместе могут способствовать созданию справедливого, единого и процветающего общества. ■

МҰҒАЛІМНІҢ ҰЛЫ МИССИЯСЫ

ВЫСОКАЯ МИССИЯ УЧИТЕЛЯ

Біздің «Тұлға» айдарымыздың бүгінгі қонағы – кәсіби тәжірибесі мол, көп жылғы еңбек өтілі бар педагог, Алматы қаласы №8 мектеп-гимназиясының директоры,

Ардақ Рахымғалиқызы Смағұлова.

Сегодня гость нашей рубрики «Личность» – педагог с большим профессиональным опытом и трудовым стажем, директор школы-гимназии №8 г. Алматы

Ардақ Рахимғалиевна Смағұлова.



Шығыс Қазақстан облысы Шар ауданы Әуезов кентінде инженер және мұғалім отбасында дүниеге келген. С.М.Киров атындағы ҚазМУ-нің химия факультетін бітірген. Химия пәнінің мұғалімі, директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, Алматы қаласы №130 гимназиясының директоры болып жұмыс істеді. Ғылыми-әдістемелік жарияланымдардың, мақалалардың авторы, белсенді қоғам қайраткері.

Родилась в поселке Ауэзова Чарского района Восточно-Казахстанской области в семье инженера и учителя. Окончила химический факультет КазГУ им. С. М. Кирова. Работала учителем химии, заместителем директора по учебно-воспитательной работе, директором гимназии №130 г. Алматы. Автор научно-методических публикаций, статей, активный общественный деятель.





Біз Ардақ Рахымғалиқызына бірнеше сұрақ қойдық.
 – **Балалық шағыңыз, отбасыңыз, отбасылық құндылықтарыңыз бен дәстүрлеріңіз туралы айтып берсеңіз. Ата-анаңыз қандай жұмыс атқарды?**

– Мен балалық шағымды ерекше сезіммен еске аламын, өйткені ол кезде маған жақсы әсер еткенменің сүйікті нағашы атам мен әжемнің көзі тірі болатын. Олар маған рухани жылулық сыйлап қана қоймай, өмірлік даналығымен бөлісетін, қамқор және дана адамдар еді. Менің ата-анам – маған бар махаббаты мен қамқорлығын сыйлаған керемет адамдар. Олар менің тұлға ретінде қалыптасуымда маңызды рөл атқарды. Ол кезде біз бәріміз дастархан басына жиналып, отбасымызда болып жатқанның бәрін талқылап,

Мы задалы Ардақ Рахымғалиевне несколько вопросов.
 – **Расскажите, пожалуйста, немного о Вашем детстве, семье, семейных ценностях, традициях. Кем были Ваши родители?**

– С особой теплотой вспоминаю свое детство, когда были живы все мои родные любимые люди: родители мамы, мои бабушка с дедушкой, которые оказали большое влияние на меня. Они были заботливыми и мудрыми людьми, которые не только дарили мне свою душевную теплоту, но и делились своей жизненной мудростью. Мои родители – прекрасные люди, которые вложили в меня всю свою любовь и заботу. Они сыграли огромную роль в моем становлении как личности. Это было время, когда

бір-бірімізге ақыл-кеңес айтатын едік. Мен балалық шағымда отбасымның жылулығы мен махаббатына, өзара сенім мен сыйластыққа бөленіп өстім. Мен отбасылық құндылықтарымыз бен дәстүрлеріміздің арқасында осы күнгі қалпыма қол жеткіздім.

– Сіздің ойыңызша, отбасында ең бастысы нәрсе не? Оның тірегі неде?

– Мен үшін отбасындағы ең маңызды нәрсе – ол сыйластық, өзара жауапкершілік, өзара көмек пен бірлік. Ең бастысы, отбасының незігін құрайтын – мейірімділік. Егер сіз барлық нәрсені мейірімділікпен жасасаңыз, ол сізге еселеніп қайтады.

– Сіз мамандығыңызды қалай таңдадыңыз? Шешуші фактор не болды?

– Менің мұғалім болу туралы шешіміме анам қатты әсер етті, себебі ол күнделікті жұмысында ғана емес, үйде де мұғалім рөлін атқарды. Ол менің білім алуға, кітап оқуға деген сүйіспеншілігімді оятты. Маған анамның шәкірттерінің дәптерлерін тексеруге көмектесу өте ұнайтын. Сол менің кәсіби таңдауымның негізін қалады.

– Егер адам өз кәсібіне толықтай берілген болса, бұл оның отбасылық өміріне, жақындары, достарымен қарым-қатынасына, қызығушылықтарына кедергі болмай ма?

– Бұл сұраққа жауап беру үшін мен риторикалық кідіріс жасап, ойла-нып, терезеге қарап, шынымды айтар едім: егер адам мұғалім рөліне 100 немесе одан да көп пайызға енсе, иә – бұл кедергі болуы мүмкін. Балалар әлеміне, сынып пен мектептің өміріне барынша берілгенде, отбасы, туыстармен жақындар, өкінішке орай, жайына қалады. Мен білім беру жүйесінде 43 жылдан астам уақыт жұмыс істеп келемін, ал менің отбасыммен бірге өткізген уақытты есептесем, жарты жыл да болмайтын шығар деп ойлаймын.

Мұғалімнің жұмысы көп күш пен уақытты қажет етеді. Тағы бір дәптерді,



мы все были единым целым, когда все происходящее в семье обсуждалось за общим дастарханом. Мое детство было наполнено теплом, любовью, доверием и уважением друг к другу.

Именно благодаря семейным ценностям и традициям я смогла стать тем, кем являюсь на сегодня.

– Что, на Ваш взгляд, главное в семье, на чем она держится?

– Для меня самое важное в семье – уважение, взаимная ответственность, взаимопомощь и единство. И самое главное – это доброта, основа основ. Если все, что ты делаешь, делается с добротой, то и к тебе вернется добро.

– Как Вы пришли к выбору профессии? Что стало определяющим фактором?

– На мое решение стать педагогом в значительной степени повлияла моя мама, которая ежедневно выполняла свою роль учителя не только на работе, но и дома. Именно она привила мне любовь к учебе, чтению. Я помогала ей проверять тетради ее учеников, и мне это нравилось. Это и

сынып журналын, кабинетіңіздің есігін жапсаңыз да, сіз бәрібір мектепте қаласыз. Себебі сыныбыңыздағы бір бала көмекке мұқтаж болуы мүмкін, оған көмектесу – сіздің міндетіңіз. Бұны біздің педагогикалық ар-намыс пен кәсіби әдеп кодексіміз деп айтуға болады. Сіз осы жолды, осы мамандықты таңдасаңыз, сол мамандықта болуыңыз керек. Жұмысқа толығымен ену – біздің мамандығымыздың ажырамас бөлігі.

– Тәрбие үдерісінің тұтастығын қамтамасыз ету үшін отбасы мен білім беру ұйымының өзара бірлескен іс-қимылы қажет екені белгілі. Сіздің мектебіңізде «оқушы-ата-ана-педагог» үш тұғырлығы қалай жүзеге асырылады? Мұнда Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы қандай рөл атқарады?

– Бұл өте маңызды сұрақ. Бүгінгі таңда нарықтық қатынастар мен ақпараттық технологиялар дәуірінде бұл байланысты қайта қарау қажет. Егер бұрын оқушы мен мұғалім білім беру үдерісінің негізгі қатысушылары болса, бүгінде біздің қарым-қатынасымызға түзетулер енгізу қажет.

Гимназияда Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмыс істейді, оның аясында ашық есік күндері өткізіледі. Ата-аналар балаларының үлгерімі, тәртібі, сонымен қатар физикалық, психоэмоционалды әл-ауқаты, оның сыныптастарымен және мұғалімдермен қарым-қатынасы туралы толық ақпарат алу үшін, сынып жетекшісіне, пән мұғалімдеріне, педагог-психологке, әлеуметтік педагогке, мектеп директорына, оның орынбасарларына жүгіне алады. Мектептегі жағдай туралы жасырын ақпарат алу үшін біз QR кодтарын қолданамыз. Бізде ата-аналар жиналыстары, жалпы мектептік кездесулер үнемі өткізіліп тұрады. Мектептің педагогикалық кеңесі осы қызметті толығымен үйлестіреді.

заложило основу моего профессионального выбора.

